Смайыл селосы әкімінің 2011 жылғы 27 желтоқсандағы № 1 "Смайыл селосының көшелеріне атау беру туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қостанай облысы Таран ауданы Белинский ауылдық округі әкімінің 2014 жылғы 18 сәуірдегі № 2 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 21 мамырда № 4738 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ономастика мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 қаңтардағы Заңына сәйкес Белинский ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ Қ А Б Ы Л Д А Д Ы :**

1. Смайыл селосы әкімінің 2011 жылғы 27 желтоқсандағы № 1 "Смайыл селосының көшелеріне атау беру туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9-18-157 тіркелген, 2012 жылғы 9 ақпанда "Маяк" аудандық газетінде жарияланған) шешіміне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

мемлекеттік тілдегі шешімнің тақырыбында және бүкіл мәтін бойынша: " селосының", "селосы" деген сөздер тиісінше "ауылының", "ауылы" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

"Смайыл" сөзінің алдында "Белинский ауылдық округі" деген сөздермен т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

орыс тілдегі шешімнің тақырыбында және бүкіл мәтін бойынша: "Смайловка" сөзінен кейін "Белинского сельского округа" деген сөздермен т о л ы қ т ы р ы л с ы н .

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Б е л и н с к и й а у ы л д ы қ округінің әкімі Қ. Хасенов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК